

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 сәуірдегі N 637 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 шілде N 1163

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шегіртке тектес зиянкестерге қарсы күрес жөніндегі 2000 жылғы қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 сәуірдегі N 637 P000637_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбында, 1, 2 және 4-тармақтарында "шегіртке тектес зиянкестерге" деген сөздер "шегіртке тектес, өсімдіктердің басқа да аса қауіпті зиянкестері мен ауруларына " деген сөздермен ауыстырылсын; кіріспесі "Шегіртке тектес зиянкестердің жаппай таралуынан" деген

сөздерден кейін ", өсімдіктердің басқа да аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының таралған алаңдарының ұлғаюынан" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың үшінші абзацында "1 000 000 (бір миллион)" деген сөздер "1 700 000 (бір миллион жеті жүз мыңға) - дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

3-тармақта "инсектицидтерді" деген сөз "пестицидтерді" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.